

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4а ХАТТАМА

Түркістан қаласы

15.04. 2025 жыл

Қатысқандар: АҚ төрайымы, аға оқытушы М.Оспанқұлова, мүшелері: э.ғ.к. А.Сапарова, PhD А.Курманбаева, М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы К, ВҒ оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаменті әдеп жөніндегі кеңес хатшысы Б.Белгібаев, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БҚКО-ның басшысы Е.Дүйсенбаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Бекназар; білімгерлер өкілдері 6В04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6В04144-Қаржы ББ білімгері Орыншаева Зарина, 6В04140-Менеджмент ББ білімгері Медетова Инакар, 7М04141-Экономика ББ білімгері Досанов Бағдәулет, 7М04120-Есеп және аудит білімгері Байдуллақызы Ақмарал, 7М04121-Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ білімгері Ануарлы, 7М04119-Менеджмент ББ білімгері Расулова Бану, 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ докторанты Көбелева Әлігерім, Ошибаева Айнаш Есенбековна – Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор, Жагипарова Жанар Амангельдиновна – Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы, Оразбаева Жанар Турисбековна, Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің Білім беру бағдарламалары төрайымы; Идаят Малика Ғалымжанқызы – Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің декан орынбасары; Абдрахманова Зинат Батырхановна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биостатистика, эпидемиология және дәлелді медицина кафедрасының доцент м.а., PhD, сыртқы сарапшы; Дауей Бауыржан Қалмаханбетұлы – «Dau Med» клиникасының басшысы, жұмыс беруші өкілі; Елеусізова Бакыт Каблановна – ЕМВА білім алушысы, Түркістан қалалық емханасы басшысының орынбасары, білім алушы өкілі.

Күн тәртібі:

1. ЕМВА, МВА және DBA «Денсаулық сақтаудағы бизнес әкімшілендіру» білім беру бағдарламаларын ашу қажеттілігі және оны Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің базасында іске асыру туралы.
2. Аталған білім беру бағдарламалары бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АҚ төрайымы, аға оқытушы М.Оспанқұлова сөз сөйлеп, «Денсаулық сақтаудағы бизнес әкімшілендіру» бағыты бойынша ЕМВА, МВА және DBA деңгейлеріндегі білім беру бағдарламасын ашу бастамасы Қазақстан Республикасының Ұлттық медициналық қауымдастығы тарапынан түскен ресми сұранысқа негізделгенін атап өтті. Аталған сұраныста еліміздің оңтүстік өңірінде денсаулық сақтау ұйымдары үшін стратегиялық және қаржылық менеджмент саласында даярланған басқарушы кадрларға өткір қажеттілік бар екендігі көрсетілгені баяндалды. Бағдарламаны ашу университеттің даму стратегиясына және өңірлік еңбек нарығының сұранысына сәйкес келетіні айтылды. Осыған орай Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетіне аталған білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөнінде ұсыныс жолданғаны айтылды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы Жагипарова Жанар Амангельдиновна өз сөзінде қазіргі кезеңде денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, стратегиялық жоспарлау, сапа менеджменті, медициналық қызметтердің экономикалық тиімділігі, цифрландыру және корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу сияқты күрделі басқарушылық міндеттермен сипатталатынын атап өтті. Осыған байланысты медициналық білімі бар басшыларды заманауи бизнес-әкімшілендіру құзыреттерімен даярлау стратегиялық маңызы бар міндет болып табылады.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламасының мазмұны денсаулық сақтау саласының ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырылатындықтан, оны Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің базасында іске асыру академиялық, кадрлық және инфрақұрылымдық тұрғыдан негізделген шешім екендігі көрсетілді. Факультет тарапынан профессорлық-оқытушылық құрамның, клиникалық және практикалық базаның, ғылыми әлеуеттің жеткіліктілігі расталды.

Жұмыс беруші өкілі Дауей Бауыржан Қалмаханбетұлы бағдарламаны ашудың өзектілігін қолдап, денсаулық сақтау ұйымдары үшін басқарушылық кадрларға қажеттілік жоғары екенін атап өтті.

2. ЕМВА, МВА және DBA «Денсаулық сақтаудағы бизнес әкімшілендіру» білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сараптау, жаңарту және мониторинг жүргізу мақсатында Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім

беру факультетінен Академиялық комитеттің (АК) құрамын ұсыну ұсынылды. Аталған құрам білім беру бағдарламаларын кешенді және салалықаралық тұрғыдан басқаруды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

- оқу жоспарлары мен пәндердің жұмыс бағдарламаларын талдау және жаңарту;
- қазіргі заманғы интерактивті және инновациялық оқыту әдістерін енгізу;
- бағдарламалардың халықаралық стандарттар мен кәсіби құзыреттер талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- бағдарламалардың іске асырылуы сапасын жүйелі бақылау және оқу нәтижелерін бағалау;
- ғылыми-зерттеу қызметінің және практикалық тәжірибенің нәтижелерін оқу процесіне интеграциялау;
- жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірлерін ескере отырып бағдарламаларды түзету.

Академиялық комитеттің құрамы төмендегідей ұсынылады:

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі/	Телефоны	Ескерту
1.	Оразбаева Жанар Турисбековна	Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің Білім беру бағдарламалар төрайымы	+7 701 385 8556	АК төрағасы
2.	Жагипарова Жанар Амангельдиновна	Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің деканы, м.ғ.к.	+7 776 737 4665	АК мүшесі, академиялық персонал
3.	Ошибаева Айнаш Есенбековна	Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице ректоры	+7 701 717 0634	
4.	Абдрахманова Зинат Батырхановна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Биостатистика, эпидемиология және дәлелді медицина кафедрасының доцент м.а., PhD	+7 775 246 8256	
5.	Идаят Малика Ғалымжанқызы	Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің декан орынбасары.	+7 771 632 7077	
6.	Дауей Бауыржан Қалмаханбетұлы	Дау Мед клиникасының басшысы	+7 701 755 0175	
7.	Елеусізова Бакыт Каблановна	ЕМВА, Түркістан қалалық емханасы, Басшы орынбасары	+7 701 769 6867	АК мүшесі, білімгерлер өкілі

Қаулы етілді:

1. ЕМВА, МВА және DBA «Денсаулық сақтаудағы бизнес әкімшілендіру» білім беру бағдарламаларын ашу орынды және стратегиялық негізделген деп танылсын.
2. Бағдарламаны Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің базасында, Экономика, басқару және құқық факультетімен бірлесіп іске асыру ұсынылсын.
3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сараптау, жаңарту және мониторинг жүргізу мақсатында Академиялық комитеттің ұсынылған құрамымен бекітілсін.
4. Академиялық комитет білім беру бағдарламасының мазмұнын еңбек нарығы талаптарына, ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастыруды қамтамасыз етсін.
5. Осы шешім университеттің Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

АК төрайымы  М.Оспанкұлова

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы  Ж. Жагипарова

Хатшы  А.Сапарова